

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 маусымдағы N 623 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің
2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына
толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы**

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 21-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мына кандидатуралар:

1) әлеуметтік-экономикалық блок (экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, мәдениет, ақпарат және спорт) министрлерінің лауазымына - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің және Сенатының бейіндік комитеттерінде;

2) Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері басшыларының лауазымына - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының бейіндік комитетінде;

3) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетінің Төрағасы және екі мүшесінің лауазымына - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің бейіндік комитетінде алдын ала талқылануға тиіс деп белгіленсін.";

аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және бекітетін немесе оның келісуімен тағайындалатын және бекітілетін, оның ұсынуы бойынша сайланатын басшы қызметкерлерінің лауазымдар тізбесінде :

м ы н а :

"Қазақстан Республикасы
дипломатиялық
өкілдіктерінің
басшылары

Президент

Сыртқы Премьер-
істер Министрмен,
министрі Әкімшілік
Басшысымен,
П а р л а м е н т
С е н а т ы н ы ң ж әне
М ә ж і л і с і н і ң
т и і с т і
к о м и т е т т е р і м е н "

деген жолда ", Парламент Сенатының және Мәжілісінің тиісті комитеттерімен" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК